

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

21 сәуір 2022 жыл

KASE және EY компаниясы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

KASE және EY компаниясы Қазақстанның қор нарығында тұрақты даму қағидаттарын дамытуға және енгізуге бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Ынтымақтастық қаржылық емес ақпаратты ашу әдіснамасын енгізу, қазақстандық эмитенттердің орнықты даму облигацияларын (жасыл, әлеуметтік және өзге де) шығаруын ынталандыру, орнықты даму облигацияларының листингіне және оларды верификациялауға қойылатын талаптарды әзірлеу, орнықты даму облигацияларын шығару арқылы қаржыландыруды тарту мақсатында стандарттарды енгізу бойынша оқыту және консультациялар беру сияқты ортақ мақсаттарға қол жеткізуге және бастамалар жасауға бағытталған, KASE ресми тізімінде болған уақытта ақпаратты ашу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау.

Өз тарапынан EY әдіснамалық қолдау көрсетуге және ESG жобаларын қаржыландыру инфрақұрылымын құрудың халықаралық практикасы бойынша консультациялар беруге, сондай-ақ KASE және EY арасындағы алдын ала келісу бойынша айқындалған жеңілдікті шарттармен эмитенттер үшін жасыл/әлеуметтік облигациялардың бірқатар шығарылымдарының халықаралық стандарттарға сәйкестігіне тәуелсіз растау (верификациялау) жүргізуге көмектесе алады.

Ынтымақтастық шеңберінде EY сондай-ақ KASE эмитенттеріне жасыл/әлеуметтік облигацияларды шығаруға дайындалуға қатысты консультациялар бере алады, KASE және қазақстандық корпоративтік сектор үшін семинарлар өткізе алады, меморандумның барлық қатысушылары үшін орнықты даму мәселелерін ілгерілету мақсатында ұйымдастырылған іс-шараларға қатыса алады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

EY компаниясы өз миссиясын басшылыққа отырып – бизнесті жетілдіре отырып, әлемді жақсартып отырып, клиенттер, қызметкерлер және жалпы қоғам үшін ұзақ мерзімді пайдалы әсер жасауға жәрдемдеседі, сондай – ақ капитал нарықтарына деген сенімді нығайтуға көмектеседі. EY компаниясының көпсалалы командалары әлемнің 150-ден астам елінде ұсынылған. Деректер мен технологияларды пайдалана отырып, біз ақпараттың сенімділігін растай отырып, оған сенімділікті қамтамасыз етеміз, сондай-ақ клиенттерге өз қызметін кеңейтуге, трансформациялауға және табысты жүргізуге көмектесеміз.

EY компаниясының аудит, консалтинг, құқық, стратегия, салық салу және мәмілелер саласындағы мамандары бүгінгі күннің сын-тегеуріндеріне жаңа жауаптар табуға мүмкіндік беретін дұрыс сұрақтар қояды.

EY атауы жаһандық ұйымды білдіреді және әрқайсысы жеке заңды тұлға болып табылатын Ernst&Young Global Limited құрамына кіретін бір немесе бірнеше компанияларға жатады. Ernst&Young Global Limited – Ұлыбритания заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға – оның қатысушыларының кепілдіктерімен шектелген компания болып табылады және клиенттерге қызмет көрсетпейді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz